

## Социалистік Қазақстан 1980 ж.

### 1. Қызықты каникул күндері (Дни интересных каникул), 3 января



2. Медицина ғылымының кандидаты Әбірбек Мамеков талапты да талантты жастардың бірі (Кандидат медицинских наук Абирбек Мамеков – один из требовательных и талантливых молодых людей), 5 января



Медицина ғылымының кандидаты Әбірбек Мамеков талапты да талантты жастардың бірі. Ол Алматы мемлекеттік медицина институтындағы оқушылық қызметін республикалық стоматологиялық емханадағы практикалық істерімен ұштастыра жүргізіп келеді. Ә. Мамеков қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Институттағы студенттердің ғылыми үйірмесінің жетекшісі. Суретте: Ә. Мамеков. Суретті түсірген К. Иманбаев.

## БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ

Шұрайлы өңірде орналасқан Сарыторғай совхозының үшінші фермасының орталығын Маятас деп атайды. Бұл ағау — осы аймақтың жер шоқтығындай жоталанып жатқан әжептеуір көлемді тасты төбенің аты. Жан-жағын жинап, тік қып үйген майдай екені де рас. Осы жерге был ғана ұйымдастырылған «Достық» атты шопандар бригадасы қоныс тепкен.

Шалғайдағы совхоздың алыстағы фермасындағы бұл бригада құрамы шын мәнісіндегі ұлттар достығының көрінісінедей, интернационалдық бірліктің алыс түкпірдегі отау үйіндей деуге болады. Орыс — Григорий Иванович Токарев, белорус — ағайынды Галина мен Виктор Нехаи, украин — Ольга Пересичан, татар — Зауреш Сартаева, казак — Жұмакүл Мантиева мен Амантай Бұхарбаевтар бес ұлттық емес, бір үйдің адамдарындай ынтымақта, сыйластықта еңбек етіп жүр.

Бригада мүшелерінің жас құрамы да әрқилы, Амантай

мен Жұмакүл совхоздағы орта мектептің биылғы түлектерінен болса, Ольга бұрынғы сауда қызметкері. Ал қалғандары да әрқайсысы әр салада бұрыннан еңбек етіп жүрген адамдар. Дегенмен, Григорий Ивановичтен бас-

### Советтік өмір салтымыз

қалары негізінен тетелес жастар. Галина — аға шопан, сонымен қатар бригадирлік міндет атқарады. Зауреш те аға шопан, әрі комсорг. Амантай — кемекші шопан, кәсіподақ жұмысын басқарады. Виктор — кемекші шопан, қабырға газетінің редколлегия мүшесі. Басқаларының да осындай осындай негізгі жұмыстарымен қатар әртүрлі қоғамдық істер атқарады. Қабілетті, еңбек сүйгіш шағын коллектив «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» дейтін ұранмен жұмыс істеуде, бірліктерімен берекелі іс тындыруда.

«Достық» бригадасының карауында 1800 бойдақ қой бар. Бригада қысқа жақсы лайындықпен келген, қора жөйлі, жемшөп мол, өздерінің үй-жайлары жақсы, қойлайы, не керектің бәрі бар. Бригадаға тәжірибелі шопан Жақсылық Құрақбаев жетекшілік етеді. Ынта мен ықылас болғанымен, бұрын мал бақпаған адамдарға алғашқы жылдың оңай тимесі белгілі. Соған орай жетекші де оларға-бар білгенін үйретіп, тынымсыз еңбек етуде.

Ферма менгерушісі Қасым Исхаков та көбіне осы маңайда болады. Ол жаңа бригаданың барша шаруасына араласып, олардың қаз бақып кетуіне қалтырсыз қамқорлық жасауда.

Осылайша, «Достық» беки түсуде, қыстың қытымыр күндеріндегі алғашқы сынақтарын тапсыруда.

**С. ШҮКІРОВ,**  
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.  
Торғай облысы,  
Аманкелді ауданы.



3. Бір үйдің баласындай (Как дети одной семьи), 5 январь



Медицина ғылымының кандидаты Әбірбек Мәмсков талалты да таңдиртти жастардың бірі. Ол Алматы мемлекеттік медицина институтындағы оқытушылық қызметін республикалық стоматологиялық емханадағы практикалық істерімен ұштастыра жүргізіп келеді. Ә. Мәмсков тоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Институттағы студенттердің ғылыми үйірмесінің жетекшісі. Суретте: Ә. МӘМСКОВ. Суретті түсірген К. Иманбаев.

## БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ

Шұрайлы өңірге орналасқан Сарыторғай совхозының үшінші фермасының орталығын Маятас деп атайды. Бұл ағау — осы аймақтың жер шоқтығындай жоталанып жатқан әжептеуір көлемді тасты төбенің аты. Жан-жағын жинап, тік қып үйген майдай екені де рас. Осы жерге быыл ғана ұйымдастырылған «Достық» атты шопандар бригадасы қоныс тепкен.

Шалғайдағы совхоздың алыстағы фермасындағы бұл бригада құрамы шын мәнісіндегі ұлттар достығының көрінісідей, интернационалдық бірліктің алыс түкпірдегі отау үйіндей деуге болады. Орыс — Григорий Иванович Токарев, белорус — ағайынды Галина мен Виктор Нехай, украин — Ольга Персичан, татар — Зауреш Сартаева, казак — Жұмакүл Мантиева мен Амантай Бұхарбаевтар бес ұлттың емес, бір үйдің адамдарындай ынтымақта, сыйластықта еңбек етіп жүр.

Бригада мүшелерінің жас құрамы да әрқилы, Амантай

мен Жұмакүл совхоздағы орта мектептің биылғы түлектерінен болса, Ольга бұрынғы сауда қызметкері. Ал қалғандары да әрқайсысы әр салада бұрыннан еңбек етіп жүрген адамдар. Дегенмен, Григорий Ивановичтен бас-

### Советтік өмір салтымыз

қалары негізінен тетелес жастар. Галина — аға шопан, сонымен қатар бригадирлік міндет атқарады. Зауреш те аға шопан, әрі комсорг. Амантай — көмекші шопан, кәсіподақ жұмысын басқарады. Виктор — көмекші шопан, қабырға газетінің редколлегия мүшесі. Басқаларының да осындай осындай негізгі жұмыстарымен қатар әртүрлі қоғамдық істер атқарады. Қабілетті, еңбек сүйгіш шағын коллектив «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» дейтін ұранмен жұмыс істеуде, бірліктерімен берекелі іс тындыруда.


«Достық» бригадасының қарауында 1800 бойдақ қой бар. Бригада қысқа жақсы лайындықпен келген, қора жөйлі, жемшөп мол, өздерінің үй-жайлары жақсы, қойлайлы, не керектің бәрі бар. Бригадаға тәжірибелі шопан Жақсылық Құрақбаев жетекшілік етеді. Ынта мен ықылас болғанымен, бұрын мал бақпаған адамдарға алғашқы жылдың оңай тимесі белгілі. Соған орай жетекші де оларға бар білгенін үйретіп, тынымсыз еңбек етуде.

Ферма менгерушісі Қасым Исхаков та көбіне осы маңайда болады. Ол жаңа бригаданың барша шаруасына араласып, олардың қаз бақып кетуіне қалтырсыз қамқорлық жасауда.

Осылайша, «Достық» беки түсуде, қыстың қытымыр күндеріндегі алғашқы сынақтарын тапынуда.

**С. ШУКІРОВ,**  
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.  
Торғай облысы,  
Аманкелді ауданы.

4. Балалар үшін (Для детей), 8 января





5. Бақташының бір күні (Один день пастуха), 12 января



Баян қораның ішін тазалап шығып жүргеніне сүйенген күйі сөз тапқан еді. Түпкірдегі шәр-бақпен бөлінген жерде күн-бөңден жұбайы Бақтыбек мұр. Күздің соңғы айларында туған буазуларды күту соның мей-нінде. Төп қораның сәнін та-лық тазалап, соқпату, күйі та-мен снырларға жем беру, мез-гілімен суару — бар-бәрі зоо-техникалық өремеге сан жүр-гізіледі. Бұл жұмыс оған қиын-менес бере алмайсың. Оның үстіне ұя шаруасы тағы бар. Не десең де, өйтеуір, өз-ісін ұршақтай үйреді.

Тілеухан риясыз күлісіреді. Бойы тоқазығандай болған соң, діңгекке іне салған шөлке қара-тоннн жүре киіп, тысқа шық-ты. Суаты тағы қар басым қалыпта. Ала бір жолы ұста Қалисқаға соқтырып ала көл-ген жігі бойындай болат сүй-менді күлаштай сілтеп, қара-терге түсті. Ала сорып күреңі-кен жүзінен төп моншақтары бауу сырғып, одан шыққан бу түлігі тұмтықпн қышығына қы-рау болып тұрды. Сәлден кей-ін Тілеухан суық темірді ны-ғына салып, үйге қарай аяңда-ған. Кенет назары жемішөп се-зімне келіп тоқтаған тракторға түсті. «Ә, Асхаттар да жеткен екен», — деп ойлады ол. Сүй-менін қарға қалай салды. — «Барып көментсіпесе болмас». Бұл көлгенде, буы бүркыра-ған екі жігіт шөп тигенін ша-нымы орталап қойған.

— Ау, Бақтыбек, жылдам орадыңдар ғой, — деп әзіл-дей дұрыстаған Тілеухан келе-айыра жемшөп. Енді бір әзірде жемшөп цехы іске қо-сылды. Солу шөп пен сабанды ұстап тұрал, өңден бәрінен мұндай шөптерді пайдалану кейінгі жылдары облыс келе-мінде қауырты қолға алынған. Бұл іс «Тарбағатай» совхозын-де көзінде біршама қиындық-тәрмен шөптің. Қазір де жи-гіттер агрегаттың көмегіне ке-сетсе шөп лақтырып жатыр. Боран бұрынғыдан да удей түскендей. Үшеуінің де өтек-мөңдерін жел көулеп, шөп ұн-тағын қормен бірге ұшырып, қойны-қоныштарына толтырып бітті.

— Апыр-ай, мына дүлей қай-теді, апта бойы соқпаса не-ғылсын, — деп көмекші жігіт көңілісіз кейіппен өз күдігін білдірді. Тілеухан үнсіз. Ке-ліскен сныақ танытты. Асхат-тың айтпн тұрғанының жаны бар. Тарбағатай қысы өзіне белгілі. Бір бұл емес, талай қырауды қысты басынан өткер-ген жігіт ағасы қырау қатқан

МАЛ ҚЫСТАТУ—ЖАУАПТЫ НАУҚАН

Қыстағын астанан ала алуы-не барлық қарал қойды. Серік-тері аттап шаршыған едікты. Үнемі бұлағы, тұяқ жүретін тракторшы жігіт Бақтыбектің жағы суалып, көзінің асты қы-парлапты тұр.

Қаншама сыр бармайын де-генмен, адамның аты адам ғой. Өзі орталықтан күн шықпай тұрып жем өкелді. Содан, міне, ала тілеу бұқпен жоң. Бастаған ісін ақырына жеткізбей тын-байтын табанды жасы жылма-жыл Тілеуханның өзі қоймай жүріп қалап алатын. Был да форма менгерушісі С. Седі-қовтан бұл жігітке қайыра қол-

дағы. Күн табеден ағанда, бу-лар малға деі мәрте қатынады. Ойынтаған ақ боран астында шанаға шөп тиеу де оңай бол-мады. Өйтеуір амалдап, ауыл арқағы салып бұлап, содан кей-ін шанаға көтеруге тура келді.

Дүйсеңбектің екі езуі күла-ғында. — «Әй, Тілеу-ай, жан алқыма көлгенде, жеткенді қаршы» — деп ағынан жары-лып жатыр. Жеткізілген шөпті ішуге шығармай, мал қорға-тауу жиыстырып, бүлер қайту-ға жиналды.

Аспан мен жерді тұтастыр-ған апақ дүниені қас жарып ДТ-75 тракторы «Мыңбұлаққа

ма кітапты Бақтышынның қол-ма ұстауы барды. — Аманшынды орындалым, — Тілеухан. Саяси-керемет өде-біеттерін де, зоотехникалық де-малдерігерлік жеместерің де, — бәрі осында, — деді Ахметов. Өзі маңшарды жағалай ара-лап, аудандық партия комите-тінің мал қыстату науқанын-тінің мал қыстату науқанын-тінің өлкізу жөніндегі қаулы-сымен таныстырып келеді екен. Шай үстіндегі ағылме желісі де осы үстіндегі өрбіді. Партком секретары сөз арасында ау-дандың ағарты Бақтышынның С. Мамырбеков пен Ж. Тоқта-бековтың қазіргі мал қыстату-дағы үлгілі істерін мысалға ал-ды. Кенет ол: «Үздік үшеудің бірісің, бауырым. Сен олардан қалыспайсың ғой», — деп тесі-карман куақы үшқын ойлап шыға келді. Бұл — оның Тілеу-ханды қайрап отырғаны. Тілеу-ханды да өзіне-өзі көміл сенімді. Быыл жүз снырдан 108 буазу алды. Енді тек күтімн көлісті-ре білсе болғаны. Ала жаздай шөбі шүйің, суаты мол үнес-келерді жайлады. Ішкі резерв-терді тиімді пайдаланды. Ал, қазір малы күйлі, қораны күр-ғақ таза ұстау жұмысын қаты-жар, Ендеше, неден қысылмақ. Мынау жауапты сныған ба? Ол да бүгін көріп жүрген құяғы емес ғой.

— Оны енді уақыт көрсет-тер, — деді Тілеухан. Тоғыз-ыншың бесжылдықтқн қор-ғаныңдысыңда, бір жүз сныр-дан 108 буазудан алып, таңаша табысқа жеткен. Ал үстіміздегі бесжылдықтқн өр жылғында бұл көрсеткіш жүзден төмен түсіп көрген жоқ. Мәселен, жетпіс алтыншы жылы ол қарамалың-дағы 118 снырдан 149 буазу алып, аман сақтады. Бұл прак-тикада сирек көзделетін жетіс-тік еді. Осы өңбегі үшін ол екінші мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Об-лыстық Советтің депутаты бо-лып сайланды.

Тілеухан іштей шырғып алды. Қарағандылық малшылардың мал қыстатуды үлгілі өткізу жө-ніндегі үндеуіне орай оныңшы бесжылдықтқн соңғы жылы қалай да қайрат таныту керек. Бақтышын ойы осыған тірелді. Сол түні Т. Бахметовтың үйі-нің шамы түннің бір уағына дейін сөнген жоқ.

БАҚТАШЫНЫҢ БІР КҮНІ

қасалғанды: «Бақтыбекті са-ған-ақ берейін. Бірақ маңай-ыңдағы шөпандарға жайылды-дың жерлерді қарштын да осы жігіт болады» — деп өскерт-кен. Ойда жоқта Тілеуханның есіне Қызылжастың арғы тұм-сығында отратын Дүйсеңбектің түсе жөккені. Ол да осы № 1 ферманың бақташысы. Дәл қазір оның халі не болып жатыр екен! Мал қорасы да бір ыңғайсыз жерде еді. Ат айналып шыға алмайтын биік жотаның үсті Нағыз жөлдін өті десе боларлық. Ерінің көңіл-күйін қабағынан танытын сыр-мынөз Бақтыжөн оның бұл ой-ын күл алды. «Сендер көлген-ше, үйдегі шаруаны Асхат өкеуіміз реттей береміз ғой. Тек, қонып қалып жұрмендер» — деп күлген де қойған. Со-дан, Бақтыбек өкеуі Д. Мұх-атовтың ауылына тартып берді. Дүйсеңбек, шынында да, қы-сылыңқырап қалыпта. Жазғы-турым мал көзінен таса бол-сын деп өдауір қашыққа үйіл-ген маядан шөп өкелу өбден шаршатса керек.

— Құрысын бәрі де. Осын-дай қысылтаңда қол ұшын бермеген трактордың ертең көрегі қанша! — деп күйіне сөйлеп отыр өкен.

— Міне, біз де келдік. Бір-екі күнге жөтетін шөп үйіл ал-ғаның дұрыс, — деп Тілеухан әріптесінің нығынан қонып қой-

қарай бет түзеді... Асхат пен Бақтыжөн сныр-ларды суарып, тағы да азық-тандырып ұлғеріпті. Бұлар көл-генде төп қораның төсенішін аустырып жатты.

— Осында иешіккендерің не? — деп Бақтыжөн кейістік білдірді.

— Е, қонып қалмасөңдер болды, деген емес пе едің.

Тілеухан оның сөзін әзілге бұрып өкетті. Дегенмен, жу-байшының қиналатын жөні бар. Шамалыдан соқ қас қарақты. Малға тағы да шөп беру керек. Таңғы азықты өзірлеп, тиел қойған жөн. Бақтышын көп бөгелмей маяның басына тарт-ты. Ымырт үйіріде істің бөрін жайғастырды. Малын қоралап, жөлінеп қалған шөпті жиыс-тырып жүрген Тілеухан үйіне тұмсығын тіреген ат-шананы байқамай да қалған. Тек жа-қындап көлгенде ғана үстінің қарын қалшы сабымен қағып түсіріп жатқан совхоз партия ұйымының секретары Серік Ахметовты таныды.

— Пәлі, жол болсын, хатшы жолдас. Ел үйінен аттап шыға алмай отырғанда, мынау қай жүрісі! — деп Тілеухан таңдан-ғанын жасыра алмай, қос қол-ын бірдей ұсынды.

Партком секретары байырғы әдетімен жарқылдай амандас-ты. Сосын үлкен тұлыппен икемсіздеу қимылдап, бір бу-

ла ұлғайт-тып т. Сур. Көк. Узр. Аво-ган-рест-сын-таді-лық. А-ғын-ды-Күз-Тез-лім-ал-сай-11: ды. р-ла-де-ар. е-ж-ж-С-А-з-с-б-е.

Г. ЕСЕНБАЕВ. Семей облысы, Аяқоз ауданы.

6. Жамбыл облысы (Джамбульская область), 12 января





7. Бәйтерек (Байтерек), 16 январь

Барлық елдердің пролетарлары, Бірігіңдері!



# СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

ҚАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

13 (16488) ● СӘРСЕНБІ, 16 ЯНВАРЬ 1980 ЖЫЛ. ● Бағасы 2 тиын. ●

## ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

### БӘЙТЕРЕК

Қорам селосында өрлі-зайыпты Мәулен мен Рысалды Ахметовтарды білмейтіндер кемде-кем. Олардың есімін село тұрғындары іткілденіп атап, ерекше құрмет тұтады. Ол замды да. Ерлі-зайыпты Ахметовтар қырық жылдан астам осындағы мектепте ұстаздық етіп, мыңдаған шәкірттерді тәрбиелеп шығарды.

— Алғаш осында келгенімізде, балалар үйінің жағдайы өте нашар еді, — дейді Мәулен өткен жылдарды есіне алып. — Оқушылар арасында әке-шешесіз, панасыз балалар көп болатын. Біз оларға сабақ берумен қатар әке орнына әке, шеше орнына шеше болуға күш салдық. Не керек, қолдағы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, жас жеткіншектерге жан-жақты білім беруге тырыстық. Еңбегіміз өш болған жоқ. Сол кездегі шәкірттеріміздің көпшілігі қазір партия, совет, комсомол органдарында жауапты қызмет атқарады.

Ел байлығын арттыруға елеулі үлес қосып жүрген еңбек адамдары қаншама!

Мәулен мен Рысалды Ахметовтардың құрметті демалысқа шыққанына бірсыпыра уақыт болды. Бірақ Мәулен өз мамандығынан қол үзген жоқ. Ол әлі де Қорам селосындағы онжылдық мектепке математикадан сабақ береді.

М. Ахметов «Қырық жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минуттық сабаққа тыңғылықты дайындал» деген лұғатты сөзді жадында мықтап сақтаған. Ол өз білімін үнемі жетілдіріп, өріптестеріне үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Математика пәніне байланысты республикалық газет - журналдарда, «Формулалар лентасы», «Жанды үтір», «Универсал квадрат», «Класс тақтасы — негізгі көрнекі құрал», «Еңбек мектебі» сияқты мақалалар жариялап, өз тәжірибелерін ортаға салды. Сондай-ақ оның математика сабағын қызықты да мазмұнды еткізуге арналған ойын-сабақтары да ерекше назар аударарды. Білікті ұстаздың тәжірибесі жыл сайын август кенесінде математика пәнінің мұғалімдеріне таратылып келеді.

Мәулен мен Рысалды Ахметовтар — Қазақ ССР халық ағарту ісінің озықтары. Олар үлгілі семья иелері де. Рысалды — Ардақты ана. Ол жұбайы Мәулен өкеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған бақытты жандар. Тұңғыштары Қанапия — инженер, Қанайбек — ғалым, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты, Келіс — ғылыми-зерттеу институтының қызметкері; Ермек — Қазақ политехника институтының оқытушысы, Қадірбек, Мағанұя, Қайрош — жоғары білімді мұғалімдер. Ахметовтер семьясынан басқа да мамандық иелерін көптеп табуға болады. Мәулен мен Рысалдының немерелері мен шөберелері де көп. Ел құрметіне беленген қос ұстаз өз балашаларының арасында тамыр төренте жайған Бәйтеректей алыстан тұлғалана көрінеді.

**Т. ЫСҚАҚОВ,**  
Шелек аудандық халық ағарту бөлімінің методикалық кабинетінің меңгерушісі.  
Алматы облысы.

8. Қамқорлық құшағында (В объятиях заботы), 17 января

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



# СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№ 14 (16489) ● БЕЙСЕНБІ, 17 ЯНВАРЬ 1980 ЖЫЛ. ● Бағасы 2 тиын. ●

Алтыннан аты рет  
дүбесіне басқа құлдары шығады

## ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДА

Біздің мекеміміз жасыл желек саясындағы, кең бөлмелі еңселі үйге орналасқан. Балалар бақшасы бұрын ауылдық Совет қарамеңінде еді, енді совет бүтіндей өз қамқорлығына алып отыр. Бізде не қажеттің бері бар. Екі топтағы бүлдіршіндер жан-жақты, әрі енегелі тәрбиеленуде. Тәрбиешілер Г. Есмеханова, Г. Жекенова педагогика училищелерін бітірген жас мамандар. Олар күнбе-күн ізденіп, шеберліктерін жетілдіре түсуде.

Әрине, ауылдық жерлерде бөбектерге орыс тілін үйретудің көптеген қиындықтары бар. Біз соған қарамастан бәрімізге ортақ тіл — Ленин тілін бүлдіршіндерге үйретуге барынша күш саламыз. Бұл бағытта творчестволық жағынан көп ізденуге тура келеді. Өйткені, мұнда арнаулы программа, не оқулық жоқ қой.

Жасөспірім алдымен күнделікті өмірден көргенін ғана жадына сақтай алады. Мәселен, олар сүйікті орынның босағасын аттау үшін бәтеңкесін, сырт киімін шешеді. Соның орысша атауын айтуды есіне саламыз. Нан, су, пышақ, қасық сияқты жиі пайдаланатын заттарды да олар екі тілде атай алады. Ойыншықтармен, ойын түрлерімен айналысқанда да осы әдіс қолданылады. Жүру,

отыру, алыс-беріс, басқа да қозғалыстар қазақша және орысша айтылады. Осылайша біздің кішкентай шәкірттеріміз тілін сындырғаннан кейін тұтас тілін сөйлемдерді, өлең жолдарын жаттай алады. Ең әуелі «Бірін-жаттай алады» әлеңінің сөзінші кластықтар» әлеңінің сөзін үйретеміз. Одан соң музыканттымыз өн ырғақтарын қайталайды. Осы ән жазылған пластинка бізге үлкен көмекші.

Шәкірттерге телевизор, радиого құлақ түріп отыруды айрықша тапсырамыз. Олардың тағныс әуенге деген құштарлығы одан сайын орта түседі.

Жақында бүлдіршіндер Ленин туралы әнді үйреніп шықты. Шағын концертте олар өздерінің сәтті қадамдарына ерекше сүйсінді. Бұған орта мектептегі орыс тілі пәнінің мұғалімдері де қатысып, ақыл-кеңес берді.

Біз ата-аналармен де жиі-жиі өңгімелесіп тұрамыз. Олардың бір қатары от басында орысша сөйлеуді дағды етеді екен. Мұның да ортақ тілді жастай үйренуге септігі тиетіні сөзсіз.

**Қ. ӘБУОВА,**  
Киров атындағы совхоздың балалар бақшасының меңгерушісі.  
Қызылорда облысы,  
Сырдария ауданы.



9. Шопан қыз (Девушка-чабан), 7 марта



# СОЦИАЛИСТИК КАЗАҚСТАН

КАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
КАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ГАЗЕТ. 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

№ 57 [16532] ЖҰМА, 7 МАРТ 1980 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

АЛТЫНДА АЛТЫН ДҒУ  
КҮСКЕНДІМ БІСҚА КҮСКЕН ШЫҒАМ.

**АЛҒЫ ШЕПКЕ ШЫҚҚАНДАР**

## ШОПАН ҚЫЗ

Жұмыстан шаршап келгенде, балалары алдынан шығып, бірі өтегіне жәрмасып, бірі мойнына асылғанда, Қанжөкең жадырап сөзін айтты. Бірін де ұмытқандай болатын. Әсіресе кішкентай ұл баласы «көкелеп» алдынан шықса болды, бойына бір тын күш біткендей қайраттық қалатын. Қыздың кішкене шапшаң қайта-қайта сипалап, маңдайынан иіскейтін, бетінен шөпіндетіп сүйетін.

Уақыт деген шіркін нектен жүздік! Сөйткені Үлбаламы әржетіп, санатқа қосылды. Ау! Қанжөкең ақпанның азынағал боранымен арпалыса жүріп, дәл қазір сол Үлбаласының болашағын да ойлап келеді. Даладағы ішін тарта ұлыған боран әбден қалжыратып, шаршатты ма, өлде, күні бойы қой соңында жүргені титықтатты ма, ол үнге кіре бере сырт киімін шешіп, дәл ошақ жанына жантая кетті. Құндегідей емес қабағы қаулы, жүзі сынық, Көкесінің көңіл-күйін бірден біле қоятын Үлбала қасына жетіп келді.

— Көке, бір жеріңіз ауырма, түрліз солғын қой. Әлде, шаршадықыз ба?

— Шаршағаным рас, балам. Қарт адамның бір отар қойды суарып, азықтандыруы оңай ма! Бұрынғыдай емес. Болды күш, қолдан қуат кете бастағанын енді сездім. Шамасы, демалатын уақыт та болған сияқты...

Әне сөзінен тарап толғаным сезілді. Ол бауырмал балаға үлкен ой салды. Сол қыста Үлбала Қанжөкеңге өне таяғын қабылдап, қолынан жұмысын алды.

Міне, сонан бері алты жыл болыпты. Алты қыс, алты көктем, алты жаз, алты күз. Соның бәрі өзінше із қалдырып, өзінше хуанш пен бейнеттің нүсесі болғандай. Әсіресе алғашқы жыл Үлбаланың есінде мықтал қалды. Олай болатын да жөні бар еді. Біріншіден, еңбекке дербас аяқ басты. Екіншіден, өне сөзім ақтап, қысты ойдағыдай аяқтады. Көктем дегені болмаса, шопан үшін өне жауапты да қиын бұл мәзілде де Үлбала сүрінбеді. Әр жүз саулықтан 147 қозы алып, қалдырылған төлді шығынсыз қатарға қосты. Сөйтіп бесжылдықты жақсы көрсеткіштермен қорытындылады.

Оныншы бесжылдықтың алғашқы жылы Үлбала үшін ұмытылмайтын болды. Бұл жылы ол қарамағындағы малын жақсы күтіп, күялі қыстатты. Төл аудан бұрынғыдан да жоғары көрсеткіше жетті. Партияның тарихи XXV съезін еселі еңбек үстінде тартымды тартулармен керсе алған жас шопан өне көяйіңі жылды да табыспен қорытындылап, жарыста жүздеген атанды, омырауына үкімет наградасын тақты.

Бір күні Үлбаланы ферма басшылары шақырып алып, оған тұсақ отар қабылдауды ұсынды. Үлбала да қарсы болған жоқ. Қиын болатын бұл бірік өз күшіне, өз өңбегіне сенді. Қиындықтарды жеңе отырып, алғаш қолдайтын саулықтан әр жүзінен 109 төл алып, міндеттемесін артығымен орындады. Одан соңғы жылдағы 125, одан да көп қозы алып, тағы да жарыстың алдыңғы сапынан көрінді. «Өне көрген оқ жоғар» деген осы да, «баркелді» деп жұрт сүзінде жас қыздың табысына.

Шопан таяғын ұстағанына көп болмаса да, мол тәжірибе жинақтап, табыс тақсының туызын талапты жас алғаш өз көрсеткішін оянаңса, енді жалпы көрсеткішті көтеруді армандайтын болды. «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген ұран көкейіне мықтап қонған қыз ауданның қой өсірушілеріне жарысуын жоғары ұстайық, жаппай табысқа жетейік деп үндеу тастады. Мұны аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті мақұлдап, бүкіл шопандар қауымы қолдады. Үлбала бастаған сол жарыс айтарлықтай нәтиже әкелді.

Бастама иесі ол баста белгіленген мөжеден асып түсіп, соғыз, аудан бойынша жоғары көрсеткішке көтерілді. Өткен жылы Үлбала істейтін соғыз бойынша әр жүз саулыққа алынған төл 117-ден айнаса, бұны Қызылқұм ауданы желісіне де 114-тен түсті. Міне, Үлбала көтерген бастаманың, Үлбала бастаған жарыстың жемісі!

Бесжылдықтың төртінші жылын осындай тамаша табыспен шығарып салған қыздың табыс өкініш тың игерушілер біраз әр жүз саулықтан 130 қозы алып, ұлы көсемнің мүшел тоқым тартымды тартулармен атал әту жолында күш сала күресуде. Ал Үлбала болса әр жүз саулықтан 150 қозы аудуды жеміледі. Мал қыстату науқаны жаң-жақты әзірлікпен бастап, үлгіні өткізуде. Оларда шығар жоқ, мал шетінен құяй...

Қазақ ССР Жазыры Советінің депутаты Үлбала Қанжөкеңге жәрмелестерінің сәйкесіне ақпап, әрқашан табысқа табысқа жете беру үшін күш жігерін аямайды.

**М. ТЕЗЕКБАЕВ.**

Шымкент облысы,  
Қызылқұм ауданы.

10. Алматы облысы (Алматинская область), 7 марта

**СССР**  
**Социалистік**  
**ҚАЗАҚСТАН**

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

№ 57 (16532) ЖҰМА, 7 МАРТ 1980 ЖЫЛ. Бағасы 2 тмын.

Алматыдағы басып шығару мекемесі

Алматы облысы. Ұйыр ауданы Қорық ауылындағы мектепте тұрғын Жәбік Қиыма Ту орденді Жәбік Сабаиәттің сөмбісімен ал жала жала қарсаңында тәлкек құрғаны болды. Төгізі ыдығын аясып Батын Мырзақанова үш сәбілі дүниеге әкелді. Қалыр олардың денсаулықтары жақсы, аяқсымен бірге дәргерлердің бақылауында өсіп келеді.

**СҰРЕТТЕРДІ:** (солдан оңға қарай) дәргерлер Г. ХАИРАЕВА мен Т. НҰРДИНОВА және ая Б. МЫРЗАҚАНОВА; сәбилер — МАЙГУЛ, КЕНЖЕГҮЛ және ЖАНДОС.

Струсттерді түсірген  
Ә. Тайыр.

Алматы облысы.



11. Жамбыл облысы (Джамбульская область), 8 марта

парлық елдердің пролетариаты

8 март 1980 жыл.



**СССР**  
**Социалистік**  
**ҚАЗАҚСТАН**

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

№ 58 (16533) ● СЕНБІ, 8 МАРТ 1980 ЖЫЛ. ● Бағасы 2 тиын. ●



**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ.** Қадырбаевтар семьясы «Көктерек» совхозында құрметпен аталады. Бұл семья мүшелері колхоз өндірісінің көптеген учаскелерінде еңбек етіп, коллективтің қоғамдық өміріне кеңінен араласады. Жерлестері Қадырбаевтардың еңбек сүйіштігін адамдарға сергектігін құрмет тұтады. Үлкен семья басы Жұмакүл Қадырбаеваның бұл қасиеттерді балалардың бойына сіңірудегі еңбегі аса зор. Ол он екі баланы тәрбиелеп өсірді. Қазір Жұмакүл құрметті демалыста. Бірақ оның қоғамдық қызметі әлі де жалғасуда. Ардақты ана ауылдағы әйелдер советін басқарады. **СУРЕТТЕ:** Ж. Қадырбаева өзінің немерелері Ләйла және Ләззатпен бірге. ТАСС-тың фотохроникасы.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТА  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР

СТУДЕНТТІК ШАҚ  
**БАСТАУ**

Жайдары жүзі оттай алаулаған талдырмаш бойлы қыз аяғын асығыс басып, кең көшені бойлай жүріп келеді. Әлсін-әлсін әлденеге риза болғандай жыммып қояды. Сол сәт ұялы қара көздерінен әлде қандай сәулелі ұшқын жалт ете қалады. Жүрегін тәтті қиял билегендей.

Әсем астана аспанынан жаппалақтай жауған ақша қар бейне бір ақ көбелектей әуелі биік ағаш басына, содан соң қыз иығына қонып, оның қуанышына ортақтасқандай шашу шашып келеді. Ақбас Алатаудың заңғар шыңы қыз қиялын бір сәтке биікке алып ұшқандай. Ол асқақ Алатаудың ақ бас шыңдарына құмарта көз тастады. Мектеп қабырғасында жүргенде кеудесіндегі асыл арманын осындай биік те заңғар таулармен салыстыратын.

Әлі есінде, жас кезінде құрбы қыздарымен бас қоса қалса-ақ, бірі мұғалім, бірі оқушы болып ойнаудан жалықпайтын. Топ ортасында көбінесе Меруерт мұғалім болушы еді. Мұның өзі асыл арманын асқақтап түскендей болатын.

1977 жыл. Астанадағы республикалық физика-математика мектебін алтын медальмен бітірген Меруерт Сағирова сол жылдың күзінде С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қолданбалы механика факультетіне түсті. Сөйтіп, көптен көңілінде жүрген арманы орындалды.

Меруерт алғашқы кезде жүрексініп те жүрді. Өйтпегенде ше! Бұл жерден талай ғалымдар өсіп шықты ғой. Міне, енді өзі солардың жолын құмақ. Бұл салада талай қиындықтар кездесетіні сөзсіз. Соларды жеңе білсең ғана табысқа жетпексің. Ол үшін көп оқу керек. Сондықтан да Меруерт лекциядан, практикалық-лабораториялық сабақтардан қалмады. Қызығы мен қуанышы мол студенттік өмір осылайша өтіп жатты.

Ғылыми үйірмелерге де, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты. Кітапханаға да жиі барып, бірнеше ғылыми еңбектерді ақтарды. Оқыған сайын білімге деген құштарлығы да арта түсті. Мұның бәрі өз жемісін берді.

Меруерттің университет тәбиғалдырығын аттағанына биыл үшінші жыл. Осы мерзімнің ішінде ол ізденімпаздығымен көріне білді. Оқу озаты атанды. Бүгінгі қол жеткен табыстары сол биік арманың алғашқы баспалдақтары іспетті.

Меруерт Сағирова бұл күндері оқытушы Ш. А. Гершиннің жетекшілігімен ғылыми жұмыстармен айналысып жүр. Ол да нәтижесіз емес. Университеттегі ғылыми конференцияда жүделі орынды жеңіп алды. Университеттің Құрмет грамотасына ие болды.

Бұл күндері Меруерт оқитын группа студенттері толық үлгерімге жетіп отыр. Оған оқу озаты ретінде Меруерт зор үлес қосып келеді. Себебі ол өз білгенін құрбыларына үйретуден жалыққан емес.

Меруертті бірде кітапханадан, бірде университеттің, комсомол комитетінен кездестіресіз. Ол университеттегі қоғамдық мамандық даярлау бөлімін басқарады.

Оқу озаты. Лениндік стипендият Меруерт Сағирова жақында тағы бір қуанышқа көнелді. Университет коммунистері оны партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдады. Бұл жас қызға көрсетілген зор сенім еді. Оны оқу озаты М. Сағирова абыроймен ақтап шығатыны сөзсіз.

**Н. БАЙДАЛИЕВА,**  
ҚазГУ-дің студенті,  
АЛМАТЫ.

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

№ 58 (16533)      СЕНБІ, 8 МАРТ 1980 ЖЫЛ.      Бағасы 2 тиын.



13. Бригадир Жумагуль Сауирбаева, 16 марта


**СССР**  
**Социалистік**  
**ҚАЗАҚСТАН**

ҚАЗАҚСТАН КОМУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРҒАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

№ 64 (16539) ЖЕКЕНБІ, 16 МАРТ 1980 ЖЫЛ. Бағасы 2 тиын.

**Социалистік Еңбек Ерлерімен**  
**таныстырамыз**



**БРИГАДИР ЖҰМАГҰЛ СӘУІРБАЕВА**

ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫ. Жетісай ауданы «Жетісай» совхозының озат механизаторы, мақташылар бригадасының жетекшісі Жұмагуль Сәуірбаева өткен жылы мақталықтың әр гектарынан 50 центнерден астам «ақ алтын» жинады. Екі қатарлы машинамен маусымда 280 тонна мақта теріп, социалистік жарыстың көш басында болды. Жақында СССР Жоғарғы Советінің депутаты Ж. Сәуірбаеваға үздік еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Суретте: Ж. Сәуірбаева. Суретті салған Қ. Нұрбеков.





15. Әйелдер активінің факультеті (Факультет актива женщин), 23 апреля



**ОРАЛ**

## ӘЙЕЛДЕР АКТИВІНІҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Орал праволық және қоғамдық ғылымдар халық университетінің әйелдер активі факультеті жұмыс істегелі 14 жылдай уақыт болды. Оның сабақтарында Совет Одағының ішкі-сыртқы саясаты, совет заңы, семья мен неке, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу сияқты тақырыптарда лекциялар оқылып, талқыланып келеді.

Лекцияны А. С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтының оқытушылары, облыстың басшы кадрлары, сот, прокуратура, заң, медицина қызметкерлері мен бірге «Білім» қоғамының мамандары оқиды.

**А. ПЕЧЕНЫХ.**





17. Зылиха Омарова Кентау қаласындағы №2 орта мектепте тарих пәнінен сабақ береді (Зылиха Омарова преподает историю в СШ№2 города Кентау), 18 июня





18. «Социалистік Қазақстанның» фотоконкурсы (Фотоконкурс «Социалистік Қазақстан»), 24 июня







## Паркке де қамқорлық керек

Оралдықтар, әсіресе, жаз айларында өздерінің бос уақыттарын қаланың ең көрікті ортасы — С. М. Киров атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінде өткізеді. Жалпы аумағы 164 гектар парк алаңын қақ жарып Шаған өзені ағып жатыр. Мәдени демалыс орталығының жақында ғана дайын болған бас жоспары бойынша парк үш аймақтан тұрады. Олар келешекте Шаған өзені үстінен салынатын көпір арқылы жалғастырылады. Сөйтіп, парк территориясының 126 гектары бүгінгі талапқа сай шын мағынасындағы мәдениет мекеніне айналмақ. Бұл — болашақтың шаруасы.

Ал езірге осынау табиғат байлығының, яғни мәдени демалыс паркі мүмкіндігінің небәрі 16 гектары ғана іске жаратылып отыр. Мұнда әбден тозығы жеткен аттракциондар мен жазғы эстрадалық театр және би алаңы орналасқан. Бұл көңіл сергіту алаңдарының өзінен-ақ жазғы маусымда парк қассасына жыл сайын 100 мың сомға тарта кіріс келуде, оның 30 мың сомға жуығы таза пайда. Соның есебінен парк әкімшілігі 11 автоматты ойын қондырғыларын биыл орнатты. Су үстінде жүзетін 6 велосипед, 3 аттракцион сатып алып, іске қосты. Осының барлығы парктің материалдық базасын едәуір нығайтып, қаржы айналымын көбейтуге айтарлықтай септігін тигізді.

Соңғы кезде қала кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының еңбек рәпорттары күндерін ұйымдастырған түрде паркте өткізу дәстүрге айналды. Биыл мұндай еңбек мерекелері Қазақ ССР-і мен Қазақстан Компартиясының 60 жылдығына арналып отыр. Қаладағы жәнді-механикалық зауыттың коллективі еңбек мерекесін бауырлармен тартымды да мазмұнды ұйымдастырды. Парктің орталық аллеясы өндіріс тынысының көшегісі мен бүгінгі және ертеңі жан-жақты паш өтетін көшпелі көрмелермен безендіріліп отыр. Қаладағы өндірістік есеп, кең программалы тартымды концерт бәріміз «Уральскводстрой» тресінің құрылысшылары, жеңіл өнеркәсіп орындарының коллективтері, медицина, тұрмыстық қызмет мекемелерінің қызметкерлері мен өзеншілер де еңбек мерекелерін айтарлықтай тартымды ұйымдастыра білді.

Алайда, жасыратын несі бар, қалалық мәдениет бөлімі, парктің әкімшілігі мұндағы мәдени-көпшілік жұмыстарын әлі де өз дәрежесінде жолға қойып отырған жоқ. Әрине, оған бір жағынан демалыс орталығының материалдық базасының талапқа сай еместігі де қолбайлау болуда. Дегенмен жаз айларында паркте ашық аспан астында өткізуге әбден болатын мәдени шаралар топнып жатыр. Айталық, тақырыптық кештер, әдебиет және өнер қайраткерлерімен, өндіріс озаттарымен кездесулер, бұқаралық мерекелер мен серуендер, көрмелер, ауызша журналдар ұйымдастыруға, әр алуан тақырыптағы хроникалды-документальды фильмдер көрсетуге әбден болар еді. Өкінішке орай, бұл мәдени көпшілік шаралардың бірден-бірі жүзеге асырылмай келеді. Спорт секциялары мен әралуан көркем үйірмелердің жұмыстарына, жарнама жариялығына да мән берілмейді.

Ал, енді парктің санитарлық-тазалығына, мәдениетіне келсек бұл жөнінде халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті жылда бір қаулы алады. Алайда, парк алаңы қазақстан арылмай-ақ қойды. Оның үстіне демалыс орталығы күні бүгінге дейін электр жарығымен толық қамтамасыз етілмеген. Сауда павильондары орнатылмаған. Және бір таңқаларлық жай орталық паркке қатынайтын бірде-бір автобус маршруты жоқ. Қаулының орындалуына қатаң бақылау болмағандықтан қалалық коммуналдық шаруашылық көгалдандыру, электр жүйесі, автобус паркі, сауда мекемелерінің басшылары күні бүгінге дейін арқаны көңге салып жүр.

Көрнекті үгіт құралдары да саусақпен саңағандай. Оның өзі орталық аллеяда ғана. Ал енді көпшілікті парктің санитарлық тазалығын сақтауға шақыратын бірде-бір жарнама көре алмайсың. Жүйелі түрде комсомол прожекторының рәйдін ұйымдастырып тұруға әбден болады. Осының барлығы ұйымдастырушылық іскерлікті, тапқырлықты талап етеді. Паркке қамқорлық жасау ісінде де сол талап деңгейінен көріне білуіміз керек. Өйткені көңілді демалыс — өнімді еңбек көпірі.

**Б. ЫРЗАБАЕВ,**  
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі,  
Орал қаласы.



20. Жасөспірім таланттар (Таланты подростков) 23 июля



### ЖАСӨСПІРІМ ТАЛАНТТАР

Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы республикалық қазақ музыка орта мектеп-интернатына алыстағы мал жайылымдарындағы малшылардың жиырмадан астам дарынды балалары қабылданды. Бұларды осы мамандандырылған оқу орталығының белді педагогтарының экспедициясы шалғайдағы мал жайылымдарындағы шопандар семьяларынан іріктеп алған. Бұл балалар фортепиано, скрипка, виолончель, арфа, үрлемелі және халық аспаптары кластарында оқитын болады. Олар музыка білімімен қатар жалпы орта білім алып шығады. Мектеп оқушылары үшін кітапханасы, үйге берілген тапсырмаларды орындауға арналған бөлмелері, асханасы және спорт комплексі бар қолайлы жатақхана салынған.

Соңғы жылдары мектеп-интернат өзінің жүзден астам түлегіне профессионал өнерге жолдама берді. Олар Москва, Ленинградтың және Алматының музыка жоғары оқу орындарында білім алды. Биылғы жылдың өзінде екі жиырма жас талант оқытып шығарылды, олардың ішінде ауыл еңбеккерлерінің балалары — виолончелист Ардат Сұрағанова, флейташы Мақсұт Ергалиев, домбырашы Гүлмира Боранбаева, скрипкашы Салтай Әбеннова бар.

Салтай Әбеннова мектеп-интернатты бітіргеннен кейін Алматы мемлекеттік консерваториясына түскен апасы арфашы Сәуленің ізімен жүріп келеді. Екі қыз да Жамбыл облысы Шу ауданындағы белгілі халық композиторы Серік Әбеннов семьясының лайықты өкілдері.

Қазақстанда балаң дарынды дамытуға арналған оқу орталықтарының кең жүйесі жұмыс істеп, үнемі ұлғайтылып келеді. Қазір бұл жүйе құрамына 400-ге жуық балалар музыка және көркемсурет мектептері, сондай-ақ профессионал живописьшілер, мүсіншілер, театр суретшілері, скрипкашылар, пианистер, домбырашылар, дирижерлер әзірлейтін орта училищелер кіреді.

[ҚазТАГ тілшісі].

«Социалистік



21. Қайда оқығын келеді? (Где хочешь учиться?), 23 июля



# Социалистік ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРТАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

170 (16645)

23 июль 1980 жыл. Социалистік Қазақстан

## ҚАЙДА ОҚЫҒЫҢ КЕЛЕДІ?

ЖІГІТТЕР МЕН ҚЫЗДАРИ  
ҚАЛАЛЫҚ № 90  
КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ  
УЧИЛИЩЕ

1980—1981 оқу жылына  
ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Училище Қазақ ССР-інің ет-  
сүт өнеркәсібі үшін маман  
жұмысшылар даярлайды.  
Шұжықтың табиғи ішегін өз-  
ірлеуші, ет сұрыптау маман-  
дықтары бойынша мерзімі бір  
жылдық топқа 8, 10 кластарды,  
ет аударушы, буыл-туюші ав-  
томаттық операторын жөндеу жө-  
не жұмысқа қосу жөнінен слес-  
ар, тоңазытқыш қондырғысы  
машинисті мамандықтарына 10  
класты, шұжық өнімдерінің  
формовщигі, сіңірші және ет  
өнімдерін тураушы, балмұздақ  
жасаушы мамандықтарына 8  
класты, машиналар мен жаб-  
дықтарды іске қосушы маман-  
дықтарына 10 класты бітіргендер  
(оқу мерзімі 1,5 жыл) алынады.  
Оқуға түсу үшін мына доку-  
менттерді тапсыру керек. Оқу-  
ға түсушінің өтініші, білімі ту-  
ралы документ, үш фотосурет  
(3x4 см), тұрған жерінен анық-  
тама, паспорт немесе тұрған  
жылы туралы куәлік.  
Училищеге қабылданғандар-  
дың ішінде 8 кластық білімі  
барлар тегін тамақпен, киім-  
кешекпен қамтамасыз етіледі.  
Ет мамандығына оқитындар  
жатақханамен қамтамасыз еті-  
леді. Сонымен бірге базалық  
кәсіпорын шұжықтың табиғи  
ішегін өзірлеуші, ет сұрыптау-  
шы мамандықтарына оқитын  
оқушыларға айына 30 сомнан  
қосымша ақы төлейді, ал шұ-  
жық өнімдерінің формовщигі,  
сіңірші және ет өнімдерін ту-  
раушы, балмұздақ жасаушы  
мамандықтарына оқушыларға  
15 сомнан төлейді.  
Он кластық біліммен ет ау-  
дарушы, буыл-туюші авто-  
матының операторы, машина-  
лар мен жабдықтарды іске қо-  
сушы, тоңазытқыш машиналары  
мен жабдықтарын жөндеу жө-  
не жұмысқа қосу слесары ма-  
мандықтарына оқитындарға 30  
сомнан стипендия және база-  
лық кәсіпорын тарапынан 40  
сомнан қосымша ақы төлене-  
ді. Оқушылар оқу кезінде қа-  
лаға тіркеледі.  
Оқу 1 сентябрьде басталады.

Училищенің адресі: 480001,  
Алматы қаласы, Өуезов көшесі,  
19. ГПТУ-90. 14-ші автобус,  
«Детсад» аялдамасы. Телефоны  
39-94-49.

(699—2),  
(700—2).





22. Бір үйден алты дәрігер (В одном доме – шесть врачей), 6 августа



СОВЕТТІК ӨМІР САЛТЫМЫЗ

## БІР ҮЙДЕН АЛТЫ ДӘРІГЕР

Есіктен таяғына сүйеніп әзер кірген қарт әжемі дәрігерлер кабинеттерінің алдында кезек күткен бірнеше адамнан жөн сұрады.

— Шырақтарым, дәрігер Қарымсақовқа қалай кіруге болады?

Отырғандардың ішінен бір жас қыз мұнда кіріңіз деп, өзіне таяу есікті нұсқады. Қарт есікті ашып, ішке кіре бергенде, жасы қырықтар шамасындағы кісі орнынан ұшып тұрып, қарт ананы орындыққа отырғызды.

— Әже, кейімеңіз, мұнда Қарымсақов деген дәрігер екеу. Ағайынды жігіттер. Екеуі де тіс дәрігері. Кабинеттері де қатар. Сондықтан, сіз түгілі, өзіміз де кейде жаңылысып қаламыз. Сейтен, Дүйсен деп аттарын айырып айтпасаңыз болмайды...

— Дұрыс, шырағым, ағайынды болса, жұбы ажырамайсың. Маған қайсысы болса да бәрі бір. Жөндеп қараса болғаны.— Қарт осыны айтты да, Сейтеннің кабинетіне кірді. Бірақ қарт Қарымсақовтар семьясында екеу ғана емес, алты дәрігер еңбек ететінін білмейтін еді.

Иә, бір семьядан алты дәрігер, алтауы да—адал еңбегімен алғысқа бөленген абзал жандар.

...Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап елге оралған Әбсәттар өзінің туған аулына келді де, колхоз шаруашылығына қызу араласып кетті. Кеудесінде қалып қойған жау снарядының жарықшағы ауық-ауық сыздап мазасын алса да зайыбы Әнтаймен жас баласы Итенді ертіп, қайнаған еңбектің бел ортасында жүрді, соғыс жылдары күйзелген колхоз шаруашылығын қалпына келтіруге өз үлесін қосты.

Қазір Әбекең де, Әнтай жеңгей де құрметті демалыста. Қызылорда қаласында тұрады. Ал тұңғышы Итен—бұл күнде төрт баланың әкесі. Итен—журналист, келіншегі Күләйхан—дәрігер, облыстық әйелдер босанатын үйде акушер болып істейді. Соғыстан соң көрген үйелмелі-сүйелмелі үш ұлы—Сейтен, Дүйсен, Сұлтан да ержетіп, семья құрды. Үшеуі де—дәрігер. Сейтен мен Дүйсен—Алматы медицина институтының түлектері. Қызылорда қаласындағы орталық тіс емханасының маңдай алды дәрігерлері. Ал Сұлтан болса, медициналық училищені бітірген. Үш-төрт жылдан бері Қызылорданың «Мелиоратор» футбол командасында дәрігер болып істейді. Қазақ физкультура институтының үшінші курсына сырттан оқып жүр.

Әбекең келіндеріне дән риза. Олардың дәрігерлік, ұстаздық мамандықты қалағандарына сүйсініп отырады. Енді бір келіні Табиға дәрігер-гинеколог болса, Ферузасы қалалық емханада хирургиялық медсестра болып қызмет етеді. Ал Дүйсеннің үйіндегі келіні—Қазақтың мемлекеттік қыздар институтын бітірген ұстаз. Институттан оқығаны бар, абысындарынан үйренгені бар оның да медицинадан хабары мол. Ал Әбекең мен Әнтай жеңгей—немере сүйіп отырған бақытты жандар. Төрт отаудан өрбіген он бір бүлдіршінді аймалағанда, екеуінің жүзі нұрланып, жасарып кетеді.

**Б. СПАНОВ.**  
Қызылорда қаласы.



23. Бақытты семья (Счастливая семья), 4 декабря

**СССР**  
**СОЦИАЛИСТИК**  
**ҚАЗАҚСТАН**

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

№ 279 (16754) ● БЕЙСЕНБІ, 4 ДЕКАБРЬ 1980 ЖЫЛ ● Бағасы 2 тиын. ● АТТАСЫНА БАҒТЫ ДЕТ АТҚА  
БАСҚА КҮНДЕРІ ШЫҒ

# БАҚЫТТЫ СЕМЬЯ

Қарағанды облысында 760-тан астам Ардақты-ана тұрады. Бұл жөнінен Ульянов ауданындағы XX партсъезд атындағы совхоздың «Ақжар» ауылы өзіндік рекорд жасаған. Мұнда он бір ананың омырауында Ардақты-ананың «Алтын жұлдызы» жарқырайды. Мысалы Махановтардың семьясында он тоғыз бала бар. Мапыш ана үй шаруасымен айналысса, семья басы — Жамалиден Сарысу сегіз жылдық қазақ мектебін басқарып келеді. Олардың тұңғыштары — Нұриден 26-да болса, егіз кенжелері Асыл мен Арман екі жарым жаста.

Семьядағы балаларды бағып-тәрбиелеуге мемлекет тарапынан зор көмек көрсетіліп келеді. Махановтардың екі автомашинасы, сәнді салынған екі үйі, малы бар.

**Суреттерде:** Ардақты-ана Мапыш Маханова; Корнеев селолық кәсіптік-техникалық училищесінің оқушылары Нұрлан, Нажат және Нұркен Махановтар туған ауылына практикаға келді; мектеп директоры Жамалиден Маханов қазақ тілі пәнінен сабақ өткізуде.

Суреттерді түсірген В. Петухов. (ҚазТАГ).





24. Қожамбаевтар әулеті (Династия Кожамбаевых), 9 декабря



### Қожамбаевтар әулеті

Ақтоғай аудандық мәдениет сарайында Қожамбаевтардың «Рауан» ансамблі ұдайы өнер көрсетеді. Оны Қожамбаевтар семьясы құрған. Семья басы Нәсіма апай — ауылдың қарт тұрғындарының бірі. Ол өзінің суырып салма өлеңдерінде жастарға Отанымыздың игілігі үшін өмір сүріп, еңбек ету бақыты жайында, КПСС XXV съезінің шешімдері бойынша қандай істер тындырылғаны жайында сыр шертеді.

Нәсіма апай жергілікті өлеңдердің билігі. Ол музыка мен фольклорға деген сүйіспеншілікке балаларында бауыды. Оның балалары Мәдениет пен Қуат інікарындастарымен, жұбайларымен және балаларымен ансамбль құрды, қазір онда он жеті адам бар. Олардың репертуарына қазақтың халық әндері, интермедиялар мен күйлер, кең тараған қазіргі әндер енгізілген. Қожамбаевтар ансамблі өнерпаздық творчествоның облыстық және аудандық фестивальдеріне талай рет қатысқан, оны Жезқазған облысының механизаторлары мен малшылары жақсы біледі.

Қазақстанда 70-тен астам халық театрлары, хор капеллалары, оркестрлері және басқа да көркемөнерпаз коллективтер бар. Оларға жасы мен мамандығы әртүрлі бір миллионға жуық адам қатысады.

**Б. ЖҰМАДЛОВ,**  
ҚазТАГ-тың штаттан тыс тілшісі.  
Жезқазған облысы.

Шеруашылық территориясында В. И. Ленинге, Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлерге арналып әскертіктер орнатылған.

Он бірінші бесжылдықта совхозда 200 тұрғын үй, 1200 оқушыға арналған мектеп, жаңа сауда орталығы, жүзу бассейні, балалар мекемелері және басқа объектілер бой көтереді.

Суреттерде: совхоздың Мәдениет үйі; пионерлер еңбек ардагері, Социалистік Еңбек Ері 94 жастағы қария Мейман Мақатаевтың әңгімесін құмарта тыңдайды; «Шұғыла» ансамблінің жастары.

(ҚазТАГ).





СССР  
Социалистік  
Қазақстан

# СОЦИАЛИСТИК ҚАЗАҚСТАН

...тілері, бірігіңдер!

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

№285 (16760)

ЖҰМА, 12 ДЕКАБРЬ 1980 ЖЫЛ

Бағасы 2 тиын.

Атқасына алты рет дүрсөйілеп  
басқа күндері шығады.

ӨНЕР ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

## ЖЕМІСТІ ЖОЛ, ЖЕҢІСТІ ЖОЛ

Қазақ пианисі халықаралық конкурстың бірінші жүлдесіне ие болды

Қызырын соқпанын, сурлеуі иелі өнер қалауымен таңда алған, соған қарат-қабілеті, өрісі күшін, бар болмысын жұмсап, ең көптеген адамдар ғана көздеген өнердің сиратын сұлулығына ғана қызығатындар бұл сапарда көп көшіпей-ақ көшті де халық көңілінен орын та- ба алыады.

Гүлжәмилаян музыкаға ба- дімділігін алғаш бақыған ата- анасы қыздарын астандағы Кулаш Байсейітова атындағы арнаулы музыкалық орта мек- тебіне оқуға бергенде оның болашақта қазақ өнерінің мәрі- тебесін білететіні, өле әлеулі өсі- дердің бірі боларын біле алған жоқ, өрине. Партия қыз- меткері Ысмай Қадырбеков пен экономика ғылымының докто- ры Нұрхан Ахметова бәрінен бұрын қыздарының сұлулық сырлар сергек сезінетін, өлемі өуен, нәшті нақыштың қадыр- қасиетін бағалап алатын рухы- ны өлемі әсем жан болып өсу- ін ойлағанды.

Гүлжәмилаян музыка мектебін Л. И. Ошкучкованың класы бо- йынша үздік білір, оқудың аяғында ерекше көзге түскен шәкірт ретінде Қазақ мемле- кеттік филармониясының саз- тримен симфониялық оркес- трімен қосыла өнер көрсету құрметіне ие болды. Мектеп оқушының симфониялық ор- кестрде шығармалар орында- уының өзі жақсы жаңалық еді. Гүлжәмилаян Москва мемлекет- тік консерваториясындағы про- фессор Г. Б. Аксельродтың фортепиано класында, кейін- нен аспирантурада оқыған кездері де ізденістігімен, тазалар күрметіне бөлене біл- генінде Гүлжәмилаян жұл- дызға келіп, консервато- риядағы концерттерге қаты- сып тұратын. Шопен, Рахманинов шығар- мын орындауда ол эди- романтикалық мәнбердегі інесі өкендігін танытып, ғылымның философиялық чын айдын ашып, сезім- дын желісті көстелі бі- лудің пианисі ретін-



СУРЕТТЕ: Гүлжәмилая ҚАДЫРБЕКОВА.

де хала жұртшылығына белгілі бола бастады. Москвада оқи- ган жылдар Гүлжәмилаян орындаушы ретінде ғана емес, совет суреттерінің биік мү- раттарын берік ұстанатын твор- честволық тұлға ретінде де кө- керек. Музыканың тәрбиелік функциясына, идеологиялық сипатына барынша мән бере- тін жас пианисі концерт ре- пертуяларын іріктеу кезінде бүгінгі күнгі замандастардың ой-толғаныстарымен төркіндес- тіп тауып жататын туындылар- ды таңдауға тырысады. Бетхо- вен мен Сяралаттінің өзгелер сияқты орындаушы өз програм- масына енгізгенде Гүлжәмилаян алдымен осыны ойлаған еді. Жалпы, Қадырбекованың өнер өрнегіне өзіндік ізденістер төп дегенде біз оның сан рет орындалып, әбден іі қанған шығармалардың өзінен тың боюлар табатынын, сондай-ақ индлерды тұңғыш рет таны- туды дәстүрге айналдырғанын айтамыз. Мысалы Нағым Мең- діғалиевтың фортепано олық концерттерінің барлығын дер-

лік алғаш рет Гүлжәмилая ор- ындаған болатын.

Иә, дәл осы қасиет — кон- курстардың міндетті програм- масына өнетін бәршаға белгілі аша білу жас қазақ пианисі тағуша халықаралық аренада кіндік берді. Алматыдағы Итали- яның ТАСС хабары тек қазақ өнерінің ғана емес, жалпы со- вет орындаушылық мектебінің реті етті. Әлемнің 50 өлінен қан-осынау алқалы өнер ба- ғында 123 орындаушы қатыс- қанда совет пианисі Гүлжә- милая Батист Виотти атындағы халық- атанды. Соңғы жылдардағы төрт конкурста бірде бір үміт- кердің бірінші наградаға ие болмағанын айта кетсек өнер иістің қадыр-қасиеті анық аң- ғарылмақ.

Конкурстың төрт туры да өте күрделі программалардан тұра- ды. Гүлжәмилая Вер- челло сахнасында Бахтың «Қы- халықаралық жеңістің бағасын дия мен Фуганы, Шопен мен Рахманиновтың сонаталары мен этюдтерін, Моцарттің сонат- тасын (си-биноль-мажор), Лис- тидің үш сонатасын, Скрябин- ның шығармалары тақы- рыбына жазған варнациясын, Прокофьевтің «Қас-қалың бес- көнесі» орындады. Музыка өзінен-ақ Қадырбекованың сан түрлі стилдегі шығармаларды қатар орындай алатынын таны- қаны талассыз. Сахнасында оң ең таңдаумен бері өлемнің өнер көрсеткен Дуджентеска залындағы қазақ қызының өне- ріне қандай талғампаз қауым- ылып бағалағанын қайталай айтып жату, біздіңше, басы жамиланың жеңісінің бағасын «Совет пианисі Гүлжәмилая Қадырбекованың шебер орындауының арқасында бұл кон- церт аса көрнекті оқиғаға айналды, сөз жоқ, оның бойында халықаралық деңгейде өнер көрсетуге қажет қасиеттер

бар». Италиядағы «Италиядағы өнер көрсетті». Сахнаға ормидетін шығармаларының түрі жағынан да, мазмұны жағы- ны да әбден жетілген пианисі шықты, деп мөлмеді.

— Италиядағы конкурс кезіндегідей творчестволық ша- бытты бұған дейін ешкімнен сез- зілген емеспін, — дейді Гүлжәмилаян өзі. — Үстәздерім де психологиялық тұрғыдан қызыл бағға жақсы әзірленген сияқты. Халықаралық конкурста өшкірді асып-сасығаны жоқ деп айта аламын. Программадағы шығармалардың бәрін де ерекше құштарлықпен бағалап орындап шықтым.

Расында да, қазақ қызының Италиядағы өнері шын мәнінде сенсацияға айналды. Таңдырыпты алаулапты, жалаулапты қонақ құмар шежірешілерінің бірінде Гүлжәмилаян Баспасөз- нің мақаланың «Фортепианода ой- аталғаны да осыны көрсетеді...»


Фестивальдің шарты бойын- ша Бас жүлде — Гран-приді жеңіп алған орындаушыға он жеке концерт қою правосы беріледі. Конкурстан соң қазақ пианисінің өнерімен Италияның солтүстік облыстарындағы сөзсіз қаланың тыңдаушылары да таныса алды. Қай жерде де үлкен залға лық толған халық концерттен соң көштер ұйым- дастырып, Гүлжәмилая өзі, өмірі туралы, Қазақстан жайында көптеген сұрақтар қойды. Жауаптардың көпшілігі ізінше жергілікті газеттерде жарияланып отырды. Өрине, мұның барлығы ұлттық мәрте- бе, өнер тақ жұл бұрын жур- налдардың бірінде жариялаған мақаламызды біз «Жолың бол- сын, Гүлжәмилая» деп атаған едік. Міне, бүгін сол сенімнің үдесінен шығып, өнер өрне- көтерілген талантты жасқа енді: «Жеңісті жолың жеңісті жалғаса берсін!» дейміз.

Әлия ТАЙШЫБЕКОВА,  
А. Жұбанов атындағы рес- публикалық музыка мекте- бінің оқытушысы.

### ҚАЛАЛЫҚТАР КӨМФККЕ КЕ...



26. Бал бөбектер үшін (Для малышей), 20 декабря



**СССР**  
**Социалистік**  
**ҚАЗАҚСТАН**

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ,  
ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ МЕН МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ОРГАНЫ

ГАЗЕТ 1919 ЖЫЛҒЫ  
17 ДЕКАБРЬДЕН  
ШЫҒАДЫ

№ 292 (16767) ● СЕНБІ, 20 ДЕКАБРЬ 1980 ЖЫЛ. ● Бағасы 2 тиын. ●

Аптасына қаты рет 118000  
Баспа құралы шығары

### Балбөбектер үшін

Тыңдағы астық фабрикасы «Бостандық» совхозында таяуда 140 орындық балалар бақшасы пайдалануға берілді. Жылы да жарық кең бөлмелер балбөбектердің ойнауына, тынығуына қолайлы да әсем.

Июль айында ірге тасы қаланған балалар бақшасының тез де сапалы салынуы — Ленинград механикаландырылған жылжымалы колонна құрылысшыларының екпінді еңбегінің игі нәтижесі. Тың ардагерлерінің балалары мен немерелері құрылысшы ағаларына зор алғыс сезімін білдіріп, жаңа жылды жаңа қоныста қарсы алуға қуанышты көңілмен әзірленуде.

**Б. НҰРПЕИСОВ,**  
«Социалистік Қазақстанның» меншікті тілшісі.  
Көкшетау облысы,  
Ленинград ауданы.